



АППАРАТТЫҚ КЕҢЕС

13 тамыз күні аудан әкімі Рахат Смағұлов аудан әкімдігінің мәжіліс залында аппараттық кеңес өткізіп, оған аудан әкімінің орынбасарлары, мемлекеттік және аумақтық органдардың басшылары, Булаев қаласы мен ауылдық округ әкімдері қатысты.

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ ЖІТІ БАҚЫЛАУДА

Кеңесте жылыту маусымына дайындық, «Таза Қазақстан» акциясы (абаттандыру, жағалауларды нығайту, қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған жер учаскелерін есепке алу) және негізгі тиімділік көрсеткіштері (KPI) туралы сұрақтар қаралды.

Бірінші сұрақ бойынша тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы Асхат Қыраубаев, директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Сансызбай Сәрсенбаев, білім бөлімі басшысының м.а. Талғат Қарабаев, ішкі саясат бөлімінің басшысы Сәуле Нұрқайдарова, Булаев қаласының әкімі Азамат Бірімжанов кезек-кезек сөз алып, әлеуметтік нысандардың жылыту маусымына дайындығы туралы баяндама жасады.

Асхат Жаңбырбайұлының айтуынша, ауданда барлығы 66 қазандық бар, оның ішінде 1 орталық, 17 жергілікті, 48 дербес.

Жылыту маусымына сапалы дайындалу үшін барлық мекемелерде тексеру жүргізілуде. Білім беру объектілері бойынша «Сапронат» ЖШС-на сенімгерлік басқаруға 19 ұйым берілді, серіктестікте екі апаттық бригада бар, бөлім өз бетінше 25 нысанды жылытады. «Агро-Профи» ЖШС алдағы жылыту маусымына шарт жасаспауына байланысты 6 модульдік қазандық сатып алынды. Қазандықтардың барлығы орнатылды. Аудандағы денсаулық сақтау объектілері бойынша 44 медициналық пункт, 2 ФАП, 4 дәрігерлік амбулаторияға дербес қызмет көрсетіледі, аудандық аурухана және емхана «Агро-Профи» ЖШС-мен шарт жасады, аудандық аурухананың инфекциялық бөлімшесі «Сапронат» ЖШС сенімгерлік басқаруына берілді. Мәдениет нысандары бойынша бөлім 13 нысанды дербес жылытады. Советское ауылындағы мәдениет үйі мен аудандық мәдениет үйі «Сапронат» ЖШС сенімгерлік басқаруына берілді, - деді тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы.

Баяндаушылардың мәліметінше, аудандағы көмір түсіру орындарына вагонмен көмірлер жеткізілуде. Қазіргі таңда көмір тасымалдау бойынша кәсіпкерлермен шарттар жасалған және жеткізушілер объектілерге көмірді жеткізуде. Бұл жұмыс жалғасып жатыр.

Әлеуметтік нысандарға көмір жеткізуді жеделдетуді тапсырамын. Барлық нысандар дайындық паспортын алу керек. Арнайы штаб құрылды, олар өз мекеменің жылыту маусымына дайындығын тексеріп, көмірмен 100% қамтамасыз етілуін жігі бақылауға алады. Қазандықтар мен жылу желілерін ағымдағы жөндеу жұмыстарын сапалы әрі уақтылы өткізуді тапсырамын. Тұрғындар да отын-көмірді қазірден бастап сатып алуын бақылауда ұстау қажет, - деді Рахат Назымбекұлы.

Жалғасы 4-бетте.

ПРЕЗИДЕНТ

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ РЕНЕССАНСЫ: ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖӘНЕ ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫ



1. ДАМУ МАҚСАТТАРЫНЫҢ ОРТАҚТЫҒЫ

Орталық Азия аймағы сан ғасырдан бері біртұтас геосаяси және рухани кеңістік ретінде белгілі. Бұл – табиғи ресурсы мен адам капиталы мол, мәдени-тарихи мұрасы бай өңір.

Кешпелі және отырықшы өмір салтының үндестігі мұндағы шаруашылық жүйенің негізі болып қана қоймай, аймақтың өзіндік саяси-құқықтық мәдениетін және көз келген өзгеріске бейімдігімен, төзімділігімен ерекшеленетін құндылықтар жиынтығын қалыптастыруға ықпал етті. Орталық Азия кеңістігі сан алуан империяның құрылғанына, ыдырағанына, саяси және экономикалық модельдердің табиғи жолмен дамығанына күй болды, бірақ өзіне тән бірегейлігін сақтап қалды. Халықтарымыз ежелден түрлі өркениетпен тіл табысып, қарым-қатынас орната білді. Соның арқасында бұл аймақ өзінің этномәдени және рухани ерекшелігін сақтай отырып, Ұлы Жібек жолының және тұтастай алғанда үлкен Еуразияның тарихында шешуші рөл атқарды.

Дамудың жаңа тарихи кезеңінде елдеріміз көптеген сынақ пен қиындықты бастан өткерді. Дегенмен Орталық Азия республикалары «қалыптаспаған мемлекеттердің» қатарына немесе failed states деп аталатын топқа қосылады деген пессимистік

болжам расталған жоқ. Аймақтағы елдер өздерінің қалыптасқан дербес мемлекет екенін дәлелдеп, халықаралық қауымдастықтағы лайықты орнын алды. Халықтарымыздың бірлігі мен даналығының арқасында біз өзміздің аумақтық тұтастығымызды, еркіндігіміз бен егемендігімізді нығайттық.

Бүгінде өңірдегі әрбір елдің мемлекеттік құрылыс, нарықтық экономиканы дамыту, мәдени мұрасын қалпына келтіру, ұлттық бірегейлігін қалыптастыру ісінде өзіндік тәжірибесі бар десек, артық айтқандық емес.

Қоғамдық және мемлекеттік институттар жаңғыртылды. Дамыған инфрақұрылым мен өнеркәсіп желісі құрылды, мыңдаған шақырым жаңа теміржол мен автокөлік жолы салынды, маңызды әлеуметтік нысандар бой көтерді. Біздің ашықтық пен жаңару жолындағы бағытымыз ұлттық экономикаларымыздың дәйекті түрде өсуін және олардың өлемдік экономикалық қатынастарға ықпалдасуын қамтамасыз етті. Білім беру, денсаулық сақтау және зейнетақы жүйелерінің жоспарлы дамуы халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының айтарлықтай жақсаруына септігін тигізді.

Жалғасы 2-бетте.

ЖҰМЫС САПАРЫ

АУДАН ӘКІМІ БУЛАЕВ ҚАЛАСЫНДАҒЫ МЕКЕМЕЛЕР МЕН ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Алдымен аудан басшысы аудандық емханаға ат басын тіреп, денсаулық сақтау мекемесінің қызметін өз көзімен көрді. Аудандық аурухананың директоры Гүлбану Сағындықова жалпы жағдайды айтып, емхана мен аурухана қызметі штаттық режимде жүріп жатқанын, дәрігерлер науқастарды алдын ала жазылу арқылы қабылдайтынын, пациенттерді емдеу үшін барлық жағдай жасалғанын тілге тиек етті.

Аудан тұрғындарының саулығы – басты назарда болуы тиіс. Аудандық емхана халыққа толық, сапалы әрі уақтылы медициналық қызмет көрсетуі үшін барлық жағдай жасалғанын байқадым. Жыл сайын медицина мекемелері жаңа құрал-жабдықтармен жарақталуы да аса маңызды. Сондықтан жылу режимін сақтап, жылыту маусымына жақсы даярлану қажет, - деді Рахат Назымбекұлы.

«Алтын ұрпақ» қосымша білім беру орталығын аралаған аудан әкімі мұнда балалар үшін домбыра, өлкетану, бизнес, тігін тігу, робототехника, шахмат және тағы да басқа үйірмелер жұмыс істейтініне көз жеткізді. Орталықтың аудандағы бірнеше мектепте филиалдары бар екен. Осылайша, балаларды дамыту мекемесі аудан орталығында ғана емес, ауылдарда да жас ұрпақты дамытып жатыр.

«Жастар» стадионы күрделі жөндеуден өтіп, 2019 жылы пайдалануға берілген. Мұнда жасанды жабындысы бар үлкен футбол алаңы, воркаут, заманауи тартан жабындысы бар екі волейбол алаңы, екі баскетбол алаңы, спорттық жаттығуларға арналған дала тренажерлері, көрермендерге



Дүйсенбі, 12 тамыз күні жаңадан таяғайындалған аудан әкімі Рахат Смағұлов Булаев қаласында орналасқан денсаулық сақтау, білім беру және спорт объектілерін аралап, олардың жұмысымен танысты.

арналған орындарды орнатуға мінбелер бар. Сондай-ақ стадион аумағында Батыр Баян атындағы спорт кешені, жабық хоккей алаңы орналасқан. Спорт объектілерін жылыту үшін биыл жаңа модульдік қазандық

қойылып, отын-көмірмен толық қамтамасыз етілген.

Өскекен ұрпақтың салауатты өмір салтын ұстанып, бәсекеге қабілетті, патриот және жан-жақты дамыған тұлға

болып қалыптастыру – бірімізге ортақ міндет. Мемлекет басшысының да қазіргі қарқында дамып жатқан өлемде әрбір қазақстандықтың бәсекеге қабілетті болуын талап етіп отыр. Сондықтан мемлекет жастар үшін барлық жағдай жасап, зор қолдау білдіріп жатыр. Ел болашағы – білімді, дені сау жастардың қолында. Ендеше, ортақ міндетке атсалысып, биік белестерге бірге жетейік, - деді Рахат Смағұлов.

Жұмыс сапары барысында аудан басшысы Магжан Жұмабаев атындағы орта мектепті, Булаев мектеп-бөбекжай-балабақша кешенін, психологиялық-педагогикалық түзету кабинетін, «Балдәурен» балабақшасын, Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясын, музыка мектебін, №2 Булаев орта мектебін, кәсіптік даярлық және қызмет көрсету колледжін аралап, әлеуметтік нысандардың жылыту маусымына дайындығымен, жүргізіліп жатқан ағымдағы жөндеулермен, заманауи кабинеттермен және жиһаздармен жабдықталумен, қауіпсіздік шаралары бойынша атқарылған жұмыстармен танысты.

Сондай-ақ келесі күні аудан әкімі «Оптовик» ЖК дүкенінде, «Пальчик» ЖК май зауытында, «Кухаренко» ЖК наубайханасында, «Тамаша» ЖШС ешкі фермасында, «Агример» ЖШС астық элеваторында, «Зарицкий» ЖК ағаш цехында, «Азия Вудс» ағаш өндірісі аумағында, «Золотар» ЖК көкөніс алқаптарында болып, кәсіпкерлермен кездесті.

Еркін ТӨЛЕГЕН.
Суретті түсірген автор.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ РЕНЕССАНСЫ: ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖӘНЕ ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫ

Қазақстанда теңіз инфрақұрылымының, яғни Ақтау және Құрық аймақтарының дамуына байланысты жаңа мүмкіндіктер ашылып жатыр. Аталған порттар арқылы Қытайдан, Орталық Азия елдерінен Оңтүстік Кавказға, Түркияға, одан әрі Еуропаға жөнелтілетін жүк көлемі артып келеді.

Қазір Ауғанстан аумағы арқылы өтетін көлік дәуірлерін ашу қарастырылып жатыр. Бұл қадам Оңтүстік Азия елдерінің әлеуеті мол нарықтарына және Үнді мұхитындағы аймақтарға шығуға жол ашады. Бұған осы өңірдегі бүкіл ел мүдделі. Біз Орталық Азияның өз ішінде және одан тысқары елдермен көлік саласындағы ынтымақтастық ауқымын кеңейту арқылы көптеген мақсатқа жете аламыз.

Көлік қатынастарын кешенді түрде жақсарту (өуе рейстерінің жиілігін арттыру, жаңа әуе және теміржол бағыттарын іске қосу, шекарадағы өткелдерді жаңғырту, т.б.), инновациялық технологияларды енгізе отырып, көлік инфрақұрылымының қарқынды дамуын қамтамасыз ету, транзит мүмкіндіктерін кеңейту және өңірдің транзиттік-логистикалық әлеуетін тиімді пайдалану мәселелері болашақта біздің елдеріміздің транзит-көлік саласындағы ықпалдылығының негізгі бағыттарына айналға тиіс.

Төртінші. Су, энергетика және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ортақ ұстанымдарды әзірлеу.

Соңғы жылдары аймақтағы барлық ел су тапшылығын көріп отыр. Бұл жағдай ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын төмендетіп, халыққа едәуір залалын тигізді. Осы ретте Халықаралық Аралды құтқару қорының (ХАҚҚ) аса маңызды су-энергетикалық, экологиялық және әлеуметтік-экономикалық проблемаларды талқылау және шешу жолындағы бірегей өңірлік құрылым ретінде айрықша рөл атқаратынын атап өткіміз келеді.

Су мәселесі өңірдің азық-түлік қауіпсіздігімен тығыз байланысты. Сондықтан Қазақстан ХАҚҚ-тың қазіргі тарағасы ретінде осы қордың аясындағы ынтымақтастықты жандандыруды, сондай-ақ азық-түлік мәселесін де қамти отырып, Халықаралық су-энергетика консорциумын бірге құруды ұсынды. Біздің еліміз бұл мәселелерді шешу жолындағы сындарлы өрі ашық диалогке қашанда қолдау білдіреді.

Қырғызстандағы Қамбар ата 1-ГЭС-

інің және Тәжікстандағы Рогун ГЭС-інің құрылысы бүкіл өңір үшін энергетика саласындағы гасыр жобасына айналды мүмкін. Бұл нысандарды салу барлық тарапқа жан-жақты ықпал етеді.

Барша адамзатты азық-түлікпен қамтамасыз ету ісіне өлі де жалғасып жатқан геосаяси дағдарыстар кесірін тигізіп отыр. Орталық Азия елдерінің сыртқы факторларға тәуелділігін азайту үшін осы бағытта өзара үйлестірілген шаралар қабылдау қажеттігі туындады. Сол үшін Қазақстан Орталық Азияда азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2030 жылға дейінгі стратегиялық жоспарын жасап, бес ел арасында талдау жүргізіп, деректер алмасатын бірыңғай ақпараттық платформа қалыптастыруды ұсынды.

Жаһандық климаттың өзгеруінің салдарын азайтатын маңызды қадам – «жасыл» экономикаға көшу. Өңір елдерінде жаңартылған энергетиканың өздеріндегі үлкен табиғи әлеуетін іске асыруға ұмтылыс бар. Мәселен, Қазақстан 2030 жылға қарай ЖЭК үлесін 15 пайызға дейін жеткізуді жоспарлап отыр. Ал 2060 жылға қарай бұл көміртегі бейтараптығына қол жеткізуге ниеттіміз.

Жаңартылатын энергия көздерін кеңінен пайдалану парниктік газ шығарындарын азайту арқылы қоршаған ортаға пайдасын тигізіп қана қоймай, энергетикалық қауіпсіздікті арттыруға және жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал етеді. Білім, ресурс және озық тәжірибелер алмасуды жалғастыру осы саладағы ынтымақтастықты нығайта түсуге септігін тигізеді.

Бесінші. Орталық Азияның ең маңызды және ең құнды ресурсы – білімді жас ұрпақ. Орталық Азия – әлемдегі халқы ең жас өңірдің бірі. Аймақ тұрғындарының орташа жасы – небәрі 28,7. БҰҰ-ның болжамына сүйенсек, 2040 жылға қарай азаматтарымыздың орташа жасы одан өрі төмендеп, 28,3-ке жетеді. Бұл – Солтүстік Америка (41,5), Еуропа (46,8), Қытай (48) сияқты басқа өңірлерге қатысты болжамдардан әлдеқайда төмен көрсеткіш.

Мұны бес елдің де экономикалық және әлеуметтік дамуына кең жол ашатын бірегей бәсекелікартықшылықке деуе болады. Жастар экономика, технология және мәдениет салаларындағы жаңару үдерістерінің қозғалушы күші болға алады. Жаһандық бәсекелестік жағдайында табысқа жетудің кілті өскелең ұрпақтың қолында.

Осы орайда ғылым-білім саласындағы ынтымақтастықты тереңдету, жастар арасындағы байланысты нығайту және жас ұрпаққа тың мүмкіндіктер беріп, әлеуетін асыруға бағытталған ортақ құрылымдар қалыптастыру – өзекті міндет.

Қазақстан жоғары оқу орындары арасындағы ықпалдылықты дамыту, бір-бірінің аумағында білім ордаларының филиалдарын және ортақ факультеттер ашу ісіне барынша қолдау білдіреді. Біз көрші елдер жастарының Қазақстанда жоғары білім алуға деген ұмтылысын жоғары бағалаймыз және олардың өз университеттерімізде оқуына берілетін квота санын біршама арттырамыз. Бүгінде Қазақстанның жоғары оқу орындарында Орталық Азиядан келген 9 мыңға жуық студент білім алып жүр.

Кейінгі жылдары елімізде шетелдің бірқатар жетекші университеттің өкілдіктері ашылды. Ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының саны артып келеді. Технологиялық парктер мен инновациялық орталықтар ашылып жатыр. Бұл жұмыс Қазақстанда өңірлік білім беру хабына айналдыру жөніндегі стратегиялық мақсатымыздың аясында жүргізіліп отыр. Біз жоғары білім берудің Орталық Азиядағы бірыңғай кеңістігін құру жолында күш-жігерімізді біріктіріп, сеніммен алға қадам бастық.

Алтыншы. Бауырлас халықтардың мәдени-гуманитарлық байланыстарын үйлестіру негізінде елдеріміздің өркениеттік бірегейлігін қалыптастыру маңызды миссияға айналдып келеді.

Орталық Азияның заманауи келбетін жасай отырып, біз азаматтарымыздың ұлттық және өңірлік бірегейлігіне жаңа көзқарасты да қалыптастырамыз. Бізді Орталық Азияға тән айрықша болмысымыз біріктіреді. Төл мәдениетіміз бен дәстүрлеріміз де соның негізінде қалыптасқан. Ортақ тарихи тамырымызды құрметтеу, мәдениетаралық диалог және конфессияаралық келісім Орталық Азия бірегейлігінің өзегі саналады.

Тарихи жадымыз – халықтарымыздың ұлттық сана-сезімінің мызғымас тұғыры. Біз ата-бабаларымыздың жетістіктерін және бәй мәдениетімізді мақтан тұтамыз. Осы орында мақтаныс қазір барша ұлттардың табысты дамуына, сондай-ақ олардың болашақта сеніммен қадам басуына қуатты серпін береді. Сондықтан біз ортақ тарихымыздың жарқын беттеріне көбірек

назар аударуға тиіспіз. Орталық Азияның жалпы тарихын түркі, парсы, араб, қытай, Ресей және Батыс Еуропа дереккөздеріне сүйеніп жазу маңызды міндет деп санаймын.

Жаһандық бәсекеге қабілетімізді арттыру үшін біз бірлігімізді сақтай отырып, ортақ мақсаттарға үздіксіз ұмтылымыз көрек. Ұлы Абай «Бірлік – ақылға бірлік» деп бекер айтпаған.

Қазір жер жүзінде геосаяси жобалар мен идеологиялар дәріптеліп жатыр. Мұндай жағдайда біз өзімізге тән қонақжайлық, ынтымақ және өзара қамқорлық сияқты қасиеттерімізді, сондай-ақ отбасылық құндылықтарымызды және басқа да өзекті дәстүрлерімізді қамтитын рухани-мәдени коддымызды көздің қарашығындай сақтауымыз керек. * * *

Сөз соңында өңірлік ынтымақтастықтың шынайы ахуал ғана емес, өмірлік қажеттілік екенін атап айтқым келеді.

Геосаяси белгісіздік белең алып, өлемдік төртіптің қалыптасқан үлгісі ыдырап тұрған қазіргі жағдайда бұл – шын мәнінде, бірден-бір оңтайлы тәсіл. Біздің болашағымыз бірлігімізді нығайтуға, өзара сенімді арттыруға және барша өлемге ашық болуға байланысты. Осы қағидаттардың негізінде ғана біз Орталық Азияның серпінді, инновациялық және мәдени бәй өңір ретіндегі ренессансын қамтамасыз ете аламыз.

Өңірлік бірлік парадигмасын күшейте қазіргі және болашақтағы сын-қатерлерге барынша лайықты жауап болады, жағымсыз үрдістерді тәжеуге қатысты ортақ ұстанымдарды әзірлеуге мүмкіндік береді, кез келген сыртқы күшке қарсы тұруға қажетті пәрменді шаралардың негізіне айналады. Сол үшін Қазақстанның ұсынысы бойынша Аймақтық кооперацияны дамыту жөніндегі «Орталық Азия – 2040» тұжырымдамасы дайындалды. Онда көпқырлы және бесжақты ықпалдылықты одан өрі дамыту бағдарлары айқындалған.

Біз өз тарапымыздан «Табысты Орталық Азия – табысты Қазақстан» қағидатын дәйекті түрде ұстанып келеміз және өңірдегі стратегиялық әріптестеріміз бен одақтасарымыз интеграциялық үдерістерді одан өрі дамытуға қаншалықты дайын болса, біз де соншалықты дайын екенімізді мәлімдейміз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті.

С ҚАЗАҚСТАНЫМ - ҚАРАШАҢЫРАҒЫМ

АРАЗДЫҚ ТІЛІНЕ ЖОЛ ЖОҚ

Өмірімізді тілдесуісіз елестету мүмкін емес. Жанды сөз, әлеуметтік желілер мен теледидардағы ақпарат, қарым-қатынастағы қиынды мен ың - барлығы қазіргі диалогтың құрамдас бөлімдері.

Тілдесу тиімді болып, қоғамдағы адамдардың, отбасылардың, ұжымдардың немесе этностық топтардың бөлінуіне әкелмеуі маңызды.

Ағымдағы жылғы 5 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысының әкімі - Солтүстік Қазақстан облысы Қазақстан халқы ассамблеясының төрағасын Ф.Т. Нұрмұхамбетовтың төрағалығымен өткен облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының сессиясында ішкі саясат басқармасына, СҚО ҚХА этномәдени бірлестіктері мен құрылымдық бөлімшелеріне, этнобағдарлы орталықтармен бірлесе аудан әкімдіктеріне этносаралық факторларды саясаттандыруға, арандатушылық пікірталастарға жол бермеу мақсатында еңбек ұжымдарында, оқу орындарында, барлық меншік нысанындағы кәсіпорындарда, жастар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жандандыру тапсырылды.

Тапсырманы орындау аясында араздық тілінің алдын алу мақсатында Қазақстан халқы ассамблеясының белсенділері мен «Қоғамдық келісім» КММ қызметкерлері жүйелі жұмыс жүргізуде.

Петропавл қаласының әкімдігімен бірлесе отырып, еңбек ұжымдарында және барлық меншік нысанындағы ұйымдарда кездесулер өткізіледі. Бұл іс-шаралар ресми емес екенін ескеру маңызды. ҚХА өкілдері қатысушылардың барлық сұрақтарына жауап беруге тырысады. Тамыз айының басында 15 кездесу өткізіліп, оған 396 адам қатысты.

Халықпен кездесулерге және нақты жағдайды зерделеуге облыс аудандарына бару кезінде де баспа назар қойылады. Биыл «Қоғамдық келісім» КММ қызметкерлері Ақжайын, Есіл және Шал ақын аудандарына барды.

Жанжалды жағдайларға жол бермеу және оның алдын алу тәсілдері СҚО ҚХА Медиация кеңесінің кеңейтілген отырысында қаралды. Интерактивті жұмыс



әдістерін қолдану жағымсыз жағдайдың туындауына әкелетін проблемалық мәселелерді талқылауға жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік берді. Бірлескен жұмыс нәтижесінде Қазақстан халқы ассамблеясы жұмысының басты мақсаты – қоғамдық келісім мен этносаралық бірлікті нығайтуға қол жеткізетін ұсынымдар әзірленді.

Қоғамдық келісімді нығайтуға «Қоғамдық келісім» КММ өткізетін тренингтер мен семинарлар дәлел. Мұндай іс-шараларға беделді спикерлер, мысалы: А.А. Башмаков, Г.А. Урозбаева, А.В. Куртаева, Р.Кайыров, А. Урмашов, Е.А. Семидоких, Л.Ж. Жалмұқанова және басқалары қатысады.

Алдағы оқу жылында қаланың жалпы білім беретін мектептерімен өзара іс-

қимылды күшейте жоспарлануда. Бұл бағытта Солтүстік Қазақстан облысы Қазақстан халқы ассамблеясының Аналар кеңесі, әсіресе кеңес төрайымы Ж.С. Саттарова маңызды рөл атқарады.

Араздық тілінің алдын алу жұмыла жүргізілуі керек. Облыс орталығымен қоса, аудандар мен ауылдар деңгейінде де. Бұл ретте жауапкершілік аудандық Аналар кеңестеріне, Ақсақалдар кеңестері мен этнобағдарлы орталықтарға жүктеледі. Өз тарапынан «Қоғамдық келісім» КММ барлық мүдделі тұлғаларға ақпараттық және ұйымдастырушылық қолдау көрсетуге дайын.

Қазақстан халқы ассамблеясының XXXIII сессиясында Қ.К. Тоқаев атап өтті: «Әрбір азамат өз болашағын Қазақстанмен тығыз байланыстыру

керек. Сонда ғана халқымыз біртұтас ел болып тұра алады. Ешкімді ұлтына, тіліне, дініне қарап кемсітуге болмайды. Қоғамда мұндай ұстанымға сай бөлектенуге жол берілмейді. Әрқайсымыз – Қазақстан атты қасиетті қара шаңырақтың перзентіміз. Қазақстан – ортақ үйіміз».

Бір үйде тұрып, араздық тілінде сөйлеу мүмкін емес. Сондықтан біз, қазақстандықтар, бір шаңырақта - Қазақстанда тұрып, достық пен өзара құрмет тілінде сөйлеуге міндеттіміз. Бұл – этносаралық бірлік пен қоғамдық келісім іргетасының құрамдас бөліктерінің бірі!

Б. БАЗАРБАЕВ,
СҚО Қазақстан халқы Ассамблеясы Журналистер клубының мүшесі.

«Шекара қауіпсіздігі – Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің ажырамас бөлігі. Оны елдің саяси және экономикалық мүдделерін мұқият қорғайтын Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрамдас бөлігі – Шекара қызметі іске асырады.

ШЕКАРАШЫЛАР ОТАН КҮЗЕТІНДЕ ШЫНДАЛАДЫ



шекара бөлімшесінде абыройлы қызмет атқарып жүрген ефрейтор Ерканат Әнуарбекұлы жайлы болмақ.

Ерканат Серіков 2001 жылдың 25 қаңтарында Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Талпакер ауылында дүниеге келген. Отбасында екі ағайынды, ағасы және өзі. Алғашқы білімін Мамлют ауданы Бостандық ауылында оқып, 2016 жылы бітірген. Кейін сол жылы Петропавл қаласындағы құрылыс және экономикалық колледжіне оқуға түседі.

2016 жылы Ерканат Серіковтың жанұясы Солтүстік Қазақстан облысы Бескөл ауылына көшіп келіп, қазіргі уақытта да сол жерде тұрады.

2020 жылы оқуын ойдағыдай тәмамдап, диплом алған Ерканат Әнуарбекұлы, барша ер азаматтар сияқты Отан алдындағы борышын өтеу үшін әскерге аттанады. Ол Астана қаласындағы № 5573 әскери бөлімінде аға атқаны мамандығы бойынша абыройлы қызмет атқарған.

Биыл Қазақстан Республикасы Шекара қызметінің құрылғанына – 32 жыл. Осы уақыт аралығында шекарашылар жауапкершілікпен жүктелген міндетке сын келтірмей, ел аумағын қорғап келеді. Халықтың тыныштығын күзеткен сала мамандарының еңбегі қашанда маңызды, әрдайым күрметке лайық. Күннің суық-ыстығына қарамай кез келген жағдайда күзетіп, қорғап еліміздің тыныштығына үлкен үлесін қосып жүрген азаматтар қоп. Солардың қатарына бүгін біз сөз еткелі отырған «Қасқат»

2021 жылы еліне аман-есен келген жігіт ендігі кезек жұмыс істеу керек деп жөн көріп, 27 қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін «Қасқат» шекара бөлімшесінде аябай қызмет атқаруда.

Ендіше, сөз соңында айтарымыз, Ерканатты және барша шекарашыларды кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтай отырып, жұмыстарына сәттілік, дендеріне саулық пен тыныштық, отбасыларына тек қана жақсылық пен қуаныш тілейміз.

Қанат ОТЕМҮРАТОВ.

«ЖАСТАР» СПАРТАКИАДАСЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



8-10 тамыз аралығында Уәлиханов ауданы Кішкенекөлде «Жастар» облыстық спартакиадасы өтіп, 18-23 жастағы жастар спорттың 6 түрі – әйелдер күресі, грек-рим күресі, жеңіл атлетика, қыздар арасында шағын футбол, ұлдар мен қыздар арасында жағажай волейболы бойынша бақ сынасты.

Спартакиада қорытындысы бойынша біздің ауданның қыздар командасы 2-ші орынға ие болса, шағын футболдан қыздар командасы да спартакиаданың күміс жүзделері атанды. Сондай-ақ 57 кг салмақ дәрежесінде Дүйсенбай Батырбек

2-ші орынды иеленсе, ал жеңіл атлетикадан ядро лақтыруда Жүкенов Ілияс 3-орынға ие болды.

Жарыс қорытындысы бойынша Мағжан Жұмабаев ауданының құрама командасы облыстың 13 ауданының арасынан

жалпыкомандалық есепте 5-ші орын алды.

Сонымен бірге, жарыс соңында «Жастар» спартакиадасының туы ресми түрде біздің ауданға табыс етіліп, келесі 2025 жылы аталмыш жарыс Булаев қаласында өтетін болады.

Қанат МҮСАТАЕВ,
аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің бастығы.

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ ЖІТІ БАҚЫЛАУДА

Жалғасы, басы 1 бетте.

Екінші сұрақ бойынша Аппарат ұсынған Асхат Қыраубаев ұшайлық басталғаннан бері «Таза Қазақстан» акциясы аясында ауданның барлық елді мекендерінде барлық мәншік нысанындағы кәсіпорындардың, жеке кәсіпкерлердің, жастардың, бөлсенділердің, еріктілердің, елді мекендер тұрғындарының қатысуымен таза бейсенділіктер және сенбіліктер ұйымдастырылғанын айтты.

Акцияны өткізу барысында 20 мың шаршы метр санкцияланған қоқыс төгінділері абаттандырылды, 1,4 мың тоннадан астам қоқыс шығарылды, 29 санкцияланбаған қоқыс орыны жойылды, 30 мыңнан астам гүл көшеттері отырғызылды, 7,6 мың ағаш пен бағаналар ақталды, 69 ескерткіш, 66 балалар ойын алаңы тиісті жағдайға келтірілді.

Елді мекендердің 20,0 мың м2 көшелерінің арамшөбі және 407,8 шақырым аудандық маңызы бар жол жиектерінің шөбі шабылды. Ағаш отырғызу іс-шараларына сәйкес барлығы 972 түп көшет отырғызылды, жоспар бойынша быыл 3800 көшет отырғызу қажет, - деді Асхат Жанбырбайұлы.

Ауданда 63 елді мекен бар, оның ішінде 53 ауылда ҚТҚ объектілері бар (10 ауылда қоқыс төгетін орындар жоқ, өйткені халық саны аз), 37 қатты тұрмыстық қалдықтар объектілеріне жер ақітері алынды, 16 қоқыс полигонның рәсімдеу қажет. Жалпы ағымдағы жылы 12 ауылда қоқыс төгуге және қоқыс шығаруға аудандық бюджеттен 8 млн. теңге бөлінген екен.

- Аққайың, Бастомар, Қарақоға, Қонюхов, Молодогвардейское, Ногайбай би, Полудин, Успенка, Чистов ауылдық округтерінің өкімдері бір ай ішінде полигондарды рәсімдеу рәсімдерін аяқтасты.

Барлық ауылдық округтер мен қала өкімдері тұрақты негізде ауыл көшелерінде, скверлерде, аллеяларда, саябақтарда шөп шабууды жүргізіп. Ауылдарда және қалада бастамашыл сенбіліктер өткізу тәртібін сақтау қажет, - деді аудан басшысы.

Үшінші сұрақ бойынша экономика және қаржы бөлімінің басшысы Азамат Қыраубаев сөз сөйлеп, негізгі көрсеткіштер бойынша Аппарат берді.

- Ауылдық округ өкімдері жасалған меморандумдар шеңберінде АШТӨ міндеттемелерінің орындалуын бақылауда ұстау қажет. Жылдың 9 айының қорытындысы бойынша «Әрбір 10 мың тұрғынға 100 жұмыс орыны құру» индикаторының орындалуын қамтамасыз ету керек. Бұл көрсеткіш аудан рейтингі. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстарды күшейту қажет. Барлық тапсырмаларды орындау хаттамаға сәйкес ұйымдастырылсын, - деді кеңесті қорытындылаған аудан өкімі Рахат Смағұлов.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

СПОРТ ҚҰЖМЕТІ!

Құрметті аудан спортшылары!
Қадірлі спорт саласының ардагерлері!

Сіздерді спорт күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!
Спорт – адамзат өміріне алапат күш сыйлап, тәнге қуат, жанға мықты рух сыйлайтын қастерлі дүние. Сондықтан сергек болудың, сау болудың бірден бір жолы – спортпен шұғылдану.

Салауатты өмір салтын насихаттау, ескелең ұрпақты спортпен және дене шынықтырумен белсенді шұғылдануға тарту – бүгінгі күннің негізгі міндеттерінің бірі. Жастардың, бүкіл ұлттың денсаулығы, еліміздің қуаты көп жағдайда оның табысты түрде жүзеге асуына байланысты.

Біздің ауданымызда дене тәрбиесімен және спортпен шұғылдану жаппай өрістеп, тұрғындарға барынша қолжетімді болу үшін қажетті жағдайлар жасалуда. Спорттық инфрақұрылымдар жаңғыртылуда, жаңа спорт кешендері мен алаңдар салынып, олар елді мекендердің спорттық өмірінің орталығына ғана айналып қоймай, айналаға көрік беруде.

Қымбатты мағжандықтар!
Еліміздің еңсесін көтеруде, мемлекетіміздің өркендеуі жолында биік белестерді бағындыруларыңызға, дүбірлі додаларда жеңістерге қол жеткізулеріңізге, ұлттық спорт түрлерін дамыту арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыруларыңызға шын жүректен тілектеспін.

Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілеймін! Қазақ елінің спорт саласындағы жетістіктері мен табыстары арта берсін!

Жеңісті әрі жемісті күндеріміз көп болсын!
Рахат СМАҒҰЛОВ,
аудан өкімі.



«АБАЙ СӨЗІ – ҚАЗАҚТЫҢ БОЙТУМАРЫ»

10 тамыз - Абай күні! Биыл дала философы, ақын, композитор және ағартушы, қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлының туғанына 179 жыл толды.

Ұлы ақынның туған күніне орай орталық кітапхана «Достық» саябағында «Даньшпанныңайқықасқайғысы» атты әдеби кеш өткізді. Іс-шараны орталықтандырылған кітапхана жүйесі директорының міндетін атқарушы Сандуғаш Бекішева құттықтау сөзімен ашып, ақынның қазақ әдебиетіндегі алатын биік орнын атап өтті.

Іс-шара барысында ақынның өлеңдері мен жырлары айтылып, шығармашылығы кеңінен паш етілді. Мәселен, «Алтын ұрпақ» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығының фортепиано мұғалімі Анастасия Грищенкова Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқас» шығармасын, Баймұқанов Нұрлыбек «Туған жер» өнін, № 2 Булаев орта мектептің 3-ші сынып оқушысы Дарья Галайдына «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен үзінді оқыды. Сондай-ақ «Ханшайым» би тобы «Қыз қуу» бийін орындаса, орталық кітапхана қызметкерлері «Абайдың қара сөздеріндегі даналығы» атты бейнебаян дайындады. Кітапханашы Ерлан Килчбаев «Абай мұрасы – асыл қазына» атты кітап көрмесіне шолу жасады. Ол шараға қатысушыларды Абай Құнанбайұлының өмірі және шығармашылығы туралы әдебиеттермен таныстырды.

Абай күніне жиналған жұртшылық әдеби кештің есерлі әрі танымды өтуіне атсалысып, қазақтың бас ақынының өзі мен сөзі әлі газырлар бойы жасай беретініне әрбір мағжандық үлес қосты.



«КӨШПЕНДІЛЕР» ЛАГЕРІ

«КӨШПЕНДІЛЕР» ЛАГЕРІНЕ 60-ҚА ЖУЫҚ АДАМ ҚАТЫСТЫ



СҚО-да белсенді жастарға арналған «Көшпенділер» үш күндік жазғы жастар лагері өтті. Оған облыс пен Петропавл қаласынан 60-қа жуық адам келді.

Өңірде «Көшпенділер» атты жастар іс-шарасы екінші жыл қатарынан өткізіліп келеді. Биыл Мағжан Жұмабаев ауданының «Аққайың» лагерінде болып өтті.

Оған облыстың және Петропавлдан барлық аудандарынан келген балалар қатысты. Лагер аясында олар киіз үй салуды, қазақтың ұлттық тағамдарын дайындауды үйренді. Алматыдан арнайы келген төрт спикер сөз сөйлеп, олар қатысушылар үшін трансформациялық сессиялар мен пікірталастар дайындады.

«Бірінші күні шегелеу және ату бойынша шеберлік сабақтары ұйымдастырылды. Іс-шара коммуникативтік дағдыларды дамыту, командада жұмыс істеу және достық қарым-қатынас орнату мақсатында ұйымдастырылды. Лагер — бұл адамгершілік пен эмоционалдық жағдайды нығайту үшін жағымды және қолдаушы ортадағы қарым-қатынас пен өзара іс-қимыл жасауға арналған кеңістік», - деді «Солтүстік Қазақстан облысының Азаматтық Альянсы Қауымдастығы» ЗТБ төрағасы Әсел Есжанова.

«Көшпенділер» лагерінің соңында қатысушыларға сертификаттар табысталды. Айта кетейік, алдағы уақытта жастарға арналған TEDx, дөңгелек үстел және спартакиада форматындағы іс-шараларды өткізу жоспарлануда.

МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН КЕШ

«Ел ертеңі - жастар» - дейді дана бабаларымыз. Қай елдің болмасын басты капиталы оның халқы, соның ішінде жастар болып табылады. Жастар қазіргі қоғамның жетекші күші ретінде еліміздің дамуы үшін жауапты екені мәлім.

мереке атмосферасын одап әрі көңілді де қызықты болуына және жайдары көңілікүі сыйлады.

Бұл шарада алған болып өзінің құттықтау сөзін сөйлеген Жастар ресурстық орталығының директоры Мария Галайдына барша жастарды мерекемен құттықтап, алдағы уақытта әр адам өзінің жастық шағын естен кетпестей,

қызықты етіп өткізуіне тілекшімін, - деді сөзінде.

Айта кету керек концерттік бағдарлама барысында жастарға арнап көңілді ойындар ұйымдастырылып, бұған белсенді қатысқан жастарға тәттілер берілді.

Кеш соңында ауданымызға қонаққа келген Диджейжан ұйымдастырған

арнайы жастар мен аудан тұрғындары үшін дискотека болды.

Көңілді де құлаққа жағымды әндері халықтың көңілдерінен шыққаны сондай, тіпті қараңғы түссе де халық үйлеріне баруға асықпағанын аңғардық.

Сөз соңында айтармыз, жастық шақ қайта қайтып келмейді, сондықтан сол сәтті жақын адамдармен уақыт өткізіп, әлемнің жан жағына қарап, көңіл көтеріңіз, ғашық болыңыз, өз өзіңізді жан жақтан дамытыңыз, тәуекел етіңіз, өмірден ләззат алыңыз, өзіңіз үшін өмір сүріңіз және адамдардың пікіріне мән берменіз дегімсіз келеді.

Қанат ОТЕМРАТОВ.





Дүйсенбі, 19 тамыз	Сейсенбі, 20 тамыз	Сәрсенбі, 21 тамыз	Бейсенбі, 22 тамыз	Жұма, 23 тамыз	Сенбі, 24 тамыз	Жексенбі, 25 тамыз
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05, 02.05 «КИЕЛІ САХНА». 06.30, 02.30 «ІНЖУ-МАРЖАН». 07.00 TAÑSHOLPAN. 10.00, 17.00, 20.00, 23.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10 «ТАТУ-ТӨТТІ». 15.30, 01.25 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 16.20М/Ф «САҚШЫ АРЫСТАН». 17.10 Т/Х «ЗАМАНДАС- ТАР». 20.30 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.40 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 00.20 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 02.15 «КИЕЛІ САХНА». 06.30, 10.00, 17.00, 20.00, 23.10 АҚПАРАТ. 07.00 TAÑSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10 «ТАТУ-ТӨТТІ». 15.30, 01.30 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 16.20 М/Ф. 17.10 Т/Х «ЗАМАНДАС- ТАР». 20.30 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.45 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 00.25 САНА. 02.40 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 02.15 «КИЕЛІ САХНА». 06.30, 10.00, 17.00, 20.00, 23.10 АҚПАРАТ. 07.00 TAÑSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10 «ТАТУ-ТӨТТІ». 15.30, 01.30 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 16.20 М/Ф. 17.10 Т/Х «ЗАМАНДАС- ТАР». 20.30 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.45 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 00.25 САНА. 02.40 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 02.15 «КИЕЛІ САХНА». 06.30, 10.00, 17.00, 20.00, 23.10 АҚПАРАТ. 07.00 TAÑSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10 «ТАТУ-ТӨТТІ». 15.30, 01.30 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 16.20 М/Ф. 17.10 Т/Х «ЗАМАНДАС- ТАР». 20.30 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.40 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 00.20 САНА. 02.35 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 02.15 «КИЕЛІ САХНА». 06.30, 10.00, 17.00, 20.00, 23.10 АҚПАРАТ. 07.00 TAÑSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10 «ТАТУ-ТӨТТІ». 15.30, 01.30 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 16.15, 00.50 ТҮЛҒА. 16.50, 01.20 ҒЫЛЫМ АДАМЫ. 17.10 Т/Х «ЗАМАНДАС- ТАР». 20.30 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.45 САНА. 02.40 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 02.25 «КИЕЛІ САХНА». 06.30, 20.00, 00.55 АҚПАРАТ. 07.00, 02.50 «АУЫЛДАС- ТАР». 07.35 «ЗИНҺАР». 08.20, 03.20 ШАҢЫРАҚ. 08.55 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 10.00, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.00 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 13.45 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 14.45 Т/Х «КҮЙЕУ БАЛА». 20.00 АЛПА. 20.50, 00.55 АҚОРДА. 21.00 КОНЦЕРТ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.10 «КӨШ БОЛ, ГУЛСАУЫН», Х/Ф. 01.05 «КҮМІС КӨМЕЙ». 01.50 «ДӘУІР ДАНАЛАРЫ», Д/Ф.	

Дүйсенбі, 19 тамыз	Сейсенбі, 20 тамыз	Сәрсенбі, 21 тамыз	Бейсенбі, 22 тамыз	Жұма, 23 тамыз	Сенбі, 24 тамыз	Жексенбі, 25 тамыз
-----------------------	-----------------------	-----------------------	-----------------------	-------------------	--------------------	-----------------------

ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 «Я ЛЮБЛЮ ТЕБЯ», Х/Ф. 06.30 «МАРЛИ И Я», Х/Ф. 08.00 COVER SHOW. 10.00 ОЙТАЛҚЫ. 10.00 М/Ф. 11.15, 20.00 Т/Х «ФАТМАҒҮЛ». 14.00, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 15.00 Т/Х «ТОЙХАНА». 16.00, 23.30 Т/С «НАЖИВКА ДЛЯ АНГЕЛА». 19.00 НОВОСТИ. 19.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.40 ӘСЕМ ӨНДЕР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВ- ТЕР-4». 08.00 COVER SHOW. 10.00 ОЙТАЛҚЫ. 10.30 М/Ф. 11.15, 20.00 Т/Х «ФАТМАҒҮЛ». 14.00, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 15.00 Т/Х «ТОЙХАНА». 16.00, 23.30 Т/С «НАЖИВКА ДЛЯ АНГЕЛА». 18.00 Т/С «ОТДАЙ МОЮ МЕЧТУ». 19.00 НОВОСТИ. 19.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.40 ӘСЕМ ӨНДЕР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВ- ТЕР-4». 08.00 COVER SHOW. 10.00 М/Ф. 11.15, 20.00 Т/Х «ФАТМАҒҮЛ». 14.00, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 15.00 Т/Х «ТОЙХАНА». 16.00, 23.30 Т/С «ОТДАЙ МОЮ МЕЧТУ». 19.00 НОВОСТИ. 19.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.40 ӘСЕМ ӨНДЕР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 06.00 Т/Х «ДЕТЕКТИВ ӘЖЕ». 08.00 COVER SHOW. 10.00 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ. 10.15, 20.00 Т/Х «ФАТМАҒҮЛ». 11.15, 20.00 Т/Х «ФАТМАҒҮЛ». 14.00, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 15.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ». 16.00 Т/С «ОТДАЙ МОЮ МЕЧТУ». 19.00 НОВОСТИ. 19.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.40 ӘСЕМ ӨНДЕР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 06.00 Т/Х «ДЕТЕКТИВ ӘЖЕ». 08.00 COVER SHOW. 10.00 М/Ф. 11.15, 20.00 Т/Х «ФАТМАҒҮЛ». 14.00, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 15.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ». 16.00 Т/С «ОТДАЙ МОЮ МЕЧТУ». 19.00 НОВОСТИ. 19.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.40 ӘСЕМ ӨНДЕР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 МӨРТЕБЕЛІ ӨНЕР. 06.30 ЖЕПІ ҚАЗЫНА. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М/Ф. 11.20 М/Ф «МЕГАМАТО». 12.00 «ЖИЗНЬ, ИЛИ ЧТО-ТО ВРОДЕ ТОГО», Х/Ф. 14.00, 21.00 «БОЛЬШЕ ЧЕМ ЛЮБОВЬ», Х/Ф. 16.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.00 БЕС ЖҮЛДЫЗ. 23.00 «МАРМАДИОК», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 МӨРТЕБЕЛІ ӨНЕР. 06.30 ЖЕПІ ҚАЗЫНА. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М/Ф. 11.20 М/Ф «МЕГАМАТО». 12.00 «МАРМАДИОК», Х/Ф. 14.00 АЛПАШҚЫ. 14.45, 21.00 «БОЛЬШАЯ МАЛЕНЬКАЯ ЖИЗНЬ», Х/Ф. 16.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 23.00 «ПЕРВАЯ ДОЧЬ», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 19 тамыз	Сейсенбі, 20 тамыз	Сәрсенбі, 21 тамыз	Бейсенбі, 22 тамыз	Жұма, 23 тамыз	Сенбі, 24 тамыз	Жексенбі, 25 тамыз
-----------------------	-----------------------	-----------------------	-----------------------	-------------------	--------------------	-----------------------

ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00, 03.45 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ОПАСНЫЙ СОБЛАЗН». 14.00, 02.05 НОВОСТИ. 14.15, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 Т/С «ИЩЕЙКА-2». 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.30 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ИЩЕЙКА-2». 01.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00, 03.45 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ОПАСНЫЙ СОБЛАЗН». 14.00, 02.05 НОВОСТИ. 14.15, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 Т/С «ПАРФЮМЕРША». 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.30 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ИЩЕЙКА-2». 01.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00, 03.45 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ОПАСНЫЙ СОБЛАЗН». 14.00, 02.05 НОВОСТИ. 14.15, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 Т/С «ПАРФЮМЕРША-2». 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.30 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ИЩЕЙКА-2». 01.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00, 03.45 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ОПАСНЫЙ СОБЛАЗН». 14.00, 02.05 НОВОСТИ. 14.15, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 Т/С «ПАРФЮМЕРША-2». 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.30 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ИЩЕЙКА-2». 01.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00, 02.40 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ОПАСНЫЙ СОБЛАЗН». 14.00, 02.15 НОВОСТИ. 14.15, 02.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 Т/С «ПАРФЮМЕРША-3». 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.50 «КӨРЕМІЗ». 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.00 Т/С «ТАКСИ ДЛЯ АНГЕЛА».	06.00, 03.15 ТАМАША CITY. 08.00, 02.45 «П@УТИНА». 09.00 ПОЕХАЛИ! 10.00 «МАГОМАЕВ», Х/Ф 14.25 «ПЕРВЫЕ ВСТРЕЧНЫЕ», Х/Ф. 19.00 «КРЕПКИЙ БРАК», Х/Ф. 21.00 «ОТ ЛЮБВИ ДО НЕНАВИСТИ», Х/Ф. 01.00 «ФАРТОВЫЙ», Х/Ф.	06.00, 03.15 ТАМАША CITY. 07.55, 02.30 «П@УТИНА». 08.50 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.00 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 10.00 «МАГОМАЕВ», Х/Ф. 14.25 «ПЕРВЫЕ ВСТРЕЧНЫЕ», Х/Ф. 19.00 «МИННИМАКС», Х/Ф. 20.40 «УТРАЧЕННЫЕ ВОСПОМИНАНИЯ», Х/Ф. 00.45 «ДВЕ ЗВЕЗДЫ. ОТПЫ И ДЕТИ». Баубек БҮЛҚЫШЕВ.

Адал адам Отанын сүйеді, адал, ақ жүрекке Отан — анасындай. Отанның дегенін істегі — қуаныш, мақтаныш. Отанға деген махаббаты, өсіресе біздегі махаббаты өлшеуге болмайды.



САҚ ТІЛЕК

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



КОЖАМСЕЙТОВА БАҚЫТ ҚАЛТАЙҚЫЗЫН
 Өмірлік жарым, аяулы анамыз, сүйікті апамыз мүшел жас - 61-ге толуымен және құрметті зейнет демалысына шығуымен шын жүректен құттықтаймыз! Ардақтымызға зор денсаулық, мол бақыт, қызық-қуаныш тілеп, бақытты ғұмыр кешуге тілектестік. Отбасымен бірге қажымай-талмай, қуаныштарға ортақтасып, өмірдің тек жақсылығына кенеліп, ұрпақтарыңыздың қызығына бөленіп, ұзақ та мазмұнды өмір сүріңіз. Ақ жүректі, дарқан көңіл пейілді, Тәрбие берген анасыз ғой, мейірлі, Тойыңызға ақ тілектер арнаймыз, Мүшел жасың болсын дейміз қайыры. Ақтарылып айтар болсақ, біз егер, Ортамызда қызық көріп жүре бер. Ағыны мол өмір дейтін арнада, Қиындықсыз жүзге дейін күзе бер.

Жүрекжарды тіпекпен: жолдасы Сайран, балалары, жиендері.

Бастомар ауылында тұратын құрметті де сыйлы құдағиымыз

КОЖАМСЕЙТОВА БАҚЫТ ҚАЛТАЙҚЫЗЫН

61-ге толуымен және құрметті зейнет демалысына шығуымен шын жүректен құттықтаймыз! Осындай мерейлі жасқа келген Бақыт құдағиымызға тірлікте туғырыңыздан таймай, әлі де талай асуларды табандылықпен алып, келер қиындықтарды қажырлықпен жеңіп, алға қойған мұраттарыңызға сүрінбей жете беріңіз демекші! Жаныңыз жаз, шуақ сепкен жүрегіңіз, Бір әулеттің ұйтқысы бір өзіңіз. Ақылшы боп, ана боп, пана болып, Жүзге жеткін осы біздің тілегіміз. Алпыс бірде де қуатың арындасын, Келдік біз өзіңізді сағынғасын. Төңір берген ғұмырды жасай бергін, Бақ-дәулет шаңырақ арылмасын.

Ақ тіпекпен: құда-құдағиы.



ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ХАБАРЛАЙДЫ

СУДА АБАҰ БОЛЫҢЫЗДАР!



болу) баптары бойынша судағы қауіпсіздік талаптарын бұзғаны үшін өкімшілік жаза қолдану және өкімшілік қамауға алу көзделгенін еске салады.
 Су айдынындағы демалыс орындарында болған кезде судағы қауіпсіздік ережелерінің негізгі талаптарын сақтау қажет.
Су айдындарында рұқсат өтілмейді:
 - суға кіріп, алкогольдік және есірткілік мас күйінде шомылуға;
 - қайықтардан, катерлерден, айлақтардан, сондай-ақ осы мақсаттарға бейімделмеген құрылыстардан суға секіруге;
 - тексерілмеген және жабдықталмаған жерлерде сүңгуге;
 - жүзу шекараларын белгілейтін қалқымалардан тыс жүзуге;
 - жүзуге арналмаған заттармен жүзуге;
 - су қоймаларын ластануға және бітеуге;
 - демалушыларға зиянды әрекеті мүмкін қоқыстарды көл жағасында және киім ауыстыратын бөлмелерде қалдыруға;
 - жалған дабыл қоңырауларын беруге;
 - техникалық және ескерту белгілеріне, қалқымаларға көтерілуге;
 - ересектердің сүйемелдеуінсіз балаларға суға түсуге.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

Суда қаза болудың негізгі себептері - құтқарушылар бақыламайтын су айдындарының ұчаскеріндегі азаматтардың демалысы, тыйым салынған және жабдықталмаған жерлерде шомылу, судағы қауіпсіздік ережелерін білмеу немесе сақтамау және балаларды ересектердің тиісті қарауынсыз су жағасында қалдыру.
 Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 364, 412 (су айдындарындағы қауіпсіздік ережелерін бұзу немесе орындамау), 440 (алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарда мас күйінде пайда

Психологиялық көмек ТЕЛЕФОНЫ

- бабаларға.
- жасөспірімдерге
- және олардың ата-аналарына арналған

ТЕГІН
кез келген уақыт оператор, сөйлесудің шексіз ұзақтығы

АНОНИМДІ
өмір және мәселелеріңізді анықтамайсыз, жалған атауды қолдануға болмайды

КҮПИЯ ТҮРДЕ
сөйлесулер жазылмайды, айтқаныңыз тек араныңда қалады

ҚОЛЖЕТІМДІ
өзін кез келген жерінен, тәулік бойы кез келген телефоннан көмек

8 800 080 8150

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

ҚАУІПТІ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ



Қауіпті техникалық құрылғылары (көтергіш крандар) бар ұйымның негізгі міндеттерінің бірі: қауіпті техникалық құрылғыларды (көтергіш крандар) есепке алу, есептен шығару.

Қауіпті техникалық құрылғылары (көтергіш крандар) есепке алу және есептен шығару тәртібі Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 29 қыркүйектегі №485 бұйрығымен бекітілген «Қауіпті өндірістік объектілерді және қауіпті техникалық құрылғыларды есепке алу және есептен шығару қағидаларында» (бұдан әрі - Қағидалары) айқындалады.

Қауіпті техникалық құрылғыларды (көтергіш крандар) есепке алу және есептен шығару «Қауіпті техникалық құрылғыларды есепке алу және есептен шығару» мемлекеттік қызмет көрсету тәртібімен жүргізіледі.

«Қауіпті техникалық құрылғыларды есепке алу және есептен шығару» мемлекеттік қызметінің қызметін (бұдан әрі - мемлекеттік қызметтің қызметі) осы Қағидаларға сәйкес аудандардың, республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтық департаменттері мен жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті алу үшін қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын заңды және жеке тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жібереді www.egov.kz (бұдан әрі - портал) осы Қағидаларға 2 немесе 3-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш.

Процестің сипаттамаларын, көрсетілетін қызметтің нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі нысанында баяндалған.

Портал өтінішті автоматты режимде қабылдауды жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы берген кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызметтің қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметтің

қызмет үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мөреке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады. Ұсынылған құжаттар мен олардың мәліметтердің дұрыстығына көрсетілетін қызметті алушы жауапты болады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер осы Қағидаларға 4-қосымшада баяндалған.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылады (көрсетілетін қызметті беруші белгілеген қызметтік міндеттерді олуға сәйкес) және портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» электрондық құжат нысанында жіберіледі. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың «жеке кабинеті» арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде алады.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылу-сыз және жеделдетілген қызмет көрсетуісіз кезек тәртібімен көрсетіледі.

Жанболат РАҚЫШЕВ, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрілігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің қазандық, газ шаруашылықтары, көтергіш құрылыстары объектілерін мемлекеттік бақылау және қадағалау бөлімінің басшысы.

2024 жылдың 14 тамызында 43 жасқа қараған шағында Мағжан Жұмабаев ауданы өкімі аппаратының ұйымдастырушылық-бақылау жұмысы жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің басшысы **Махаббат Сералықызы Шаяхметова** өмірден өтті.

Махаббат Сералықызы 1981 жылы 25 қыркүйекте Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы Сарытомар ауылында дүниеге келген.

Еңбек жолын 2003 жылы Мағжан Жұмабаев ауданының ауыл шаруашылық бөлімінде іс-жүргізу жөніндегі жетекші маман ретінде бастады. Мағжан Жұмабаев ауданының мемлекеттік кірістер басқармасында бас маман - аудар-машы болып жұмыс істеді, 2010 жылдан 2016 жылға дейін ҚР-ның ІІМ-нің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша басқармасында аға жедел уәкілі болып жұмыс істеді.

2016 жылдан бастап осы уақытқа дейін Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы өкімі аппаратында жұмыс істеді.

Махаббат Сералықызы жауапты және адал азаматша, ұжым арасында сыйлы болды. Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Аудан өкімі Р.Н. Смағұлов, Мағжан Жұмабаев ауданы өкімі аппаратының ұжымы.

Мағжан Жұмабаев ауданы өкімі аппаратының ұжымы **Махаббат Сералықызы Шаяхметованың** қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

<p>Директор - бас редактор Нелси ГОНЧАР</p> <p>Газеттің меншік иесі: «Газета «Весты» ЖШС</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баиы көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Басылым индексі 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p>	<p>«Magjan zhuldyzy» газеті редакцияда теріліп беттеледі. «Северная Казахстан» баспаханасында басылады. (Петровад к., Котуков к-сі, 5 үй). Тарамамы - 630</p>	<p>Газет аудан өкімінің, аудандық мемлекеттік тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми баспахананың табылады.</p>
--	---	---	---	--

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынған, №17395-Г күнделігі алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозғарсын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолажабалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің мәнігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселесі жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады.